

## ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

**Карибаева Азиза Утегеновна,**

*ф.э.к. доцент, РАМның корр.мүшесі, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан*

***Түйіндеме.** Бұл мақалада түркі тілдеріндегі спорт терминдерінің ежелгі дәуірдегі және қазіргі кезеңдегі тіліміздегі қолданысы қарастырылады*

***Кілт сөздер:** жазбаша деректер, бай мұралар, ауызекі деректер, әдеби мұралар, ұлттық ойын, алып, ер, сайыс, күрес өнері, күрес, үшсайыс, балуан т.б.*

***Резюме.** В этой статье рассматриваются вопросы о том что употребление спортивных терминов тюркского языка с прошлых времен, а так же настоящее время.*

***Ключевые слова:** письменные источники, богатые наследие, устные источники, литературные наследие, национальные игры, богатырь, фехтование, искусство борьбы, борьба, троеборье, борец и т.д.*

Өткен тарих пен рухани мәдениеттің әрбір ұсақ нәрсесіне дейін назар аударып, көңіл бөлу – барлық өркениетті елдердің ардақ тұтар игі дәстүрі еді. VIII ғасырда түркілердің өз тілінде жазылып сақталған Орхон ескерткіші, XI ғасырда жазылған М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты сөздігі, Шыңғысхан дәуірінде жазылған жазбаша деректер мен әлі күнге дейін сыры ашылмай келе жатқан көне Қытай жазбалары – түркі халықтары жөніндегі аса құнды деректерге бай мұралар[1,152].

Түркі тілдерінің ауызекі түрінің даму тарихында екі дәуірді көруге болады. Олардың бірі қазақ, өзбек, қарақалпақ тілдеріндегі толық мағынадағы жазудың пайда болғанына дейінгі дәуір. Мұның біріншісі ауызекі деректер көзі, ал екіншісі одан соңғы дәуір жазба деректер көзі. Мұндай мәселелер қарақалпақ халқының өз ұлттық жазуына ие болған дәуірінде, әдеби тілдің ауызекі түрлері негізінде, халық творчествосының тілі сыпатында көркейте түсті. Ол халықтың сөйлеу тілімен салыстырып қарағанда белгілі дәрежеде нормаласқан.

Өйткені, ауызекі әдеби тілді дамытуда халық арасында пайда болған ауызекі әдебиет үлгілері мен түркі халықтарының батырлық жырлары айрықша роль атқарды. Сондықтан олар қалың көпшілік арасына кеңінен таралды. Мәселен, қазақтардың - Алпамыс, Қобыланды, ЕрТарғын, Орақ-Мамай, Қарасай-Қази; қарақалпақтардың - Қырққыз, Тумарис, Алпамыс, Қоблан; өзбектердің - Толғанай, Алпамиш т.б. дастандарын айтуымызға болады. Бұл әдебиет үлгілері жазба әдебиет пайда болғанға дейін халықтың тұрмысы суреттеліп келген, ең негізгі әдеби

мұралар еді. Бірінші дәуірге тиісті қарақалпақ әдеби тілінің ауызекі түрі *стильдік жақтан саралағанымызда*, өте тар еді. Өйткені, онда тек *поэзия тілі* ғана көбірек қолданысқа ие болды.

Түркі халықтарының «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қырққыз», «Тумарис» сияқты батырлық жырларынан ертедегі халықтардың тарихын білсек, олардың сол кезеңдегі іс-әрекетінен *ұлттық ойын терминдерінің алғашқы үлгілерін* аламыз. Олар негізінен бейбітшілік күнде де қолданылып жүрген, ертедегі әскери терминдердің жалпы халықтық лексикадағы қолданысы. Біз бұл терминдерді бұрын жалпы халықтық лексикаға жатқызып келсек, қазіргі тіліміз бен тарихымыздың жаңару заманында оларды жарыққа шығарып, жариялауды мақсат еттік. Сондай-ақ, бұл сөздер бір кездегі түркі тілдерінің лексикасын жалпы халықтық лексикасын, әсіресе кәсіби сөздердің, есебінен байытса, қазіргі таңда ұлттық терминологиямызды пайда етіп, оны қалыптастырудың бірден-бір айқын жолы ретінде дәлелденіп отыр.

Сондықтан тілімізде терминдердің пайда болу көздерін түркі тілдерінің тарихи дамуымен бірге түркі тілдерінің терминологиясының пайда болғанын осы дастандар арқылы да айқындаймыз. Ұлы бабаларымыз Алып Ер Тоңаның Талас, Тараз, Шу, Баласағұн жеріне келіп ат ізін салуында немесе сүйегінің қазақ жерінде қалуында үлкен сыр жатыр. Тарихи тұрғыдан қарасақ, Тұранды тұтас билеген ұлы қаған билігіндегі жердің негізгі бөлімі қазақ жері болғандықтан Мағжан ақын: «Бұл Тұран ежелден-ақ қазақ жері, Тұрансыз тарқамаған Алаш шері», - деп тебірене толғауында түсіне білген, түп-төркінін тектей білетін саналы жанға ой тастап отыр[2,142].

Халифа Әл-Мүтәуәккилдің (847-961) хүкімдарлығы кезінде жазылған «Мәнақиб әл-Әтрак» (түріктердің батырлықтары және абзал қасиеттері туралы мағлұматтар) деп аталатын кітабы. Әл-Жәһиз кітабында Түркістан елдерінің мәдениеті хақында келелі мәліметтер береді. Түркілердің ерекше назар аударатыны жауынгерлік, тәртіптілік сияқты абзал қасиеттерін мадақтайды.

XI ғасырда хатқа түсіп бізге жеткен М.Қашқаридың «Түрік сөздігі» кітабындағы өлең үзіктері де таза түрік тілінде бізге жеткен. Он сегіз ғасыр бұрын айтылып келген өлең шумақтары таза түрік тілінде жырланумен бірге тек түрік өлең өлшеміне құрылған заңдылықты көреміз[1,126]. Міне, мәселенің түп төркіні қайда жатыр, рухани бастау алар бұлақ көзі қайда соғады?... Алып Ер Тоңа немесе Афрасиаб Тұран жерінен шыққан ұлы тарихи тұлға екенін бүкіл әлем жұртшылығы мойындайды. Афрасиаб «Авестада» да тарихи тұлға, әрі мифологиялық кейіпкер

ретінде танылады.«Алып» деген сөз - бүкіл түркі халықтарына ортақ мағынада айтылған «өте күшті батыр, қолбасшы, баһадур» деген мағынаны береді. [3,126].

Ал, «Тоңа» сөзінің мағынасы парсы тілінен аударғанда қазақ тілінде жолбарыс тектес «тоңа» деген аса күшті, алысқанда пілдің өзін алып ұратын жойқын күшті аңға балама ретінде шыққан ат Міне, осы үш түрлі сипаттаудың қосылуынан келіп туындаған Алып Ер Тоңаның халық аңызға айналдырып кеткен мадақ аты дүниеге келіп қалыптасты.

«Ер» сөзі батырлығымен даңқы шығып, бүкіл жұрт ардақтаған арыстан жүректі, жолбарыс білекті жауынгер жандарға берілетін титул екен. Мысалы, қазақ эпостарындағы Ер Сайын, Ер Тарғын, Ер Көкше атауларынан-ақ көрініп тұр.

Батырлар жырларында да халықтың жекпе-жек өнеріне асыл мұра ретінде қарағанына күмән келтірмейміз. Оларда сол дәуірдің *сайыс өнеріне* тән ережелер көрінісі күштілер мен ептілердің әдіс-айласы туралы құнды мағлұматтар берілген. Көшпелі халықтардың сан ғасырлық ауыз әдебиеті мен жырларындағы балуан, батырлар туралы жырлар, ұлттық өнеріміздің бізге жеткен ерлік мұрасы екенінде дау жоқ. Мәселен, көшпенділердің тұрмыстық, әлеуметтік өмірінде кездесетін той, ойын-сауық түрлері, күштілікті, ептілікті сынайтын дәстүрлі *сайыстар күрес өнері* арқылы өз мәртебесін арттыратын болған. Бұған дәлел ретінде: этнографиялық тас жазуларды, сол сияқты пиктографиялық фрагменттер композициясын айта аламыз. Мысалы: *Сайысқан жерде тынарсың, Солқылдама ақ найза, Сайысқан жерде сынарсың*, - деген қатарлар «Тоқтамыс» монологында кездеседі. Мұндағы «сайыс» сөзі «жарыс» мағынасында қолданылған.

«Сайыс» сөзі түркі тілдерінің ішінде соңғы кезде қазақ спорт терминологиясында да кең өріс алған. Өйткені соңғы кезде спорттың лексикасына бірнеше жаңа терминдер енген. Олар: көпсайыс, бессайыс, онсайыс, үшсайыс т.б. жаңа ұғымдар мен терминдер осы «сайыс» сөзінің негізінде қалыптасқан болуы керек. Мәселен, Үшсайыс – орыс тіліндегі «троеборье» терминімен мағыналас болып келеді. Бұл ат жарысының ең күрделі түрі, үш күн бойы жүргізілетін ат жарысының бұл түрі – бірінші күні аттың мәнерлі жүрісін, екінші күні атты баптап сынау, ал үшінші күні аттың күрделі кедергілерден қарғу сайыстарын көрсетеді[4,37].

Мысалы: Жылдар жылжып өтті – ғасырлар артта қалды. Содан бері қазақтың *ұлттық спорты күрес* - ешқашан тіршіліктен тыс қалмай, бірге жасасып келеді. Тарихи жазбаларда «*палуандық өнер*» туралы деректер өте көп. Бұл дегеніміз

көшпенділер дәстүрлі *жекпе-жек өнерінің әлем спортының дамуына* зор үлес қосып отырғанын көреміз.

Түркі тілдеріндегі терминдерінің қалыптасуы ең бірінші кезекте төңкеріске дейінгі ұлттық кезеңнен бастау алады. Түркі тілдеріндегі ұлттық ойын терминдерінің қалыптасу кезеңдерін синхронды, диахронды және тарихи салыстырмалы әдіс – тәсілдер арқылы қарастыруға болады. Мәселен, Жарыстың «күрес» түрі ерте кезден бастап Орта Азия мен Қазақстанды жайлаған түркі халықтарында кеңінен қолданылған. Мәселен, «сақ қауымдарында неке қиюға байланысты күрестер өткізетін өздерінің салты» болған. Оны өзбек ғалымы академик Ф. Керимов былай деп дәлелдейді. Мәселен, антикалық дәуірдің ғалымы Элиан Клавдийдің мәліметтеріне назар аударсақ, қазіргі Өзбекстан аймағында ерте замандарда сақ, массагет және т.б. қауымдар жасаған. Олардың ортасында «күш сынасулар», «күрес» кең таралған екен. Мәселен, Жігіттер үйленетін болса қалыңдығын күресте жеңуі тиіс болған[5,183].

Ал, «өзбек курашы» бірнеше мың жылдық тарихқа ие дейді, - академик Фихрат Керимов: «Тарихқа назар аударсақ, ерте замандарда, әсіресе Әмір Темір заманында ұлттық күресіміз өте күшті дамыған. Себебі, «күрес» Әмір Темір әскерлері үшін дене шынықтыру – күш, құдірет иесі болған. Әсіресе, Әмір Темір күрестің жарыс және соғыс түрлеріне үлкен көңіл бөлген, әскерлерін күрес сырларын үйренуге шақырған және күрес мектебін қалыптастырған.

Ұлы халық емшісі Абу Али Ибн Сина өзінің «Китоб- ал Конун фит-тиб» еңбегінде күрестің екі түрі жөнінде мәлімет береді. Оның жазуынша, «дастлабкида икки киши бир-бирини белбоғидан ушлаб, озига тартиб юнғитмоқчи булса, бошқа турида эса, бири иккинчисининг тонининг йақасидан ушлаған холда бир кули билан рақибининг ойоқларини шалиб орама ва қайтарма усулларини кулланиб, йғитичга харакат қилған»[9,3]. яғни «орама» және «қайтарма» тәсілдері Ибн Синаның көрсетуі бойынша, мұнан мың жыл бұрын белгілі болған. Бірақ, бұл екі тәсіл де қол мен аяқтан алысу көрсетілмеген. Яғни, бұл күрес терминдері аяқтан шалуға арналған

Сондай-ақ, қазақ халқының өте ертеден қалыптасқан спорт ойындарының бірі қазақша күрес, - дейді Б.Төтенаев[6,11]. «Қазақша күрес» - көшпелі халықтың тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан спорт түрлерінің бірі. Кезінде қазақша күресте «Күш атасын танымас» деген ұранмен еш салмақ дәрежесінсіз-ақ үлкен-кішіге қарамай күресетін болған. Солардың куәсінің бірі - Қажымұқан, Балуан Шолақ, сияқты *алыптар* болса, ал өзбек халқында Индия, Иран, Түркістанда

белгілі палуан болған Махмуд Пахлаван, қарақалпақ халқында Сапалақ палуан, Абибулла палуан, Әдилбай палуан т.б. белгілі ұлттық күрестің күш иелері болған. Қазақша күрес өз бойында аса епті, қуатты әдіс-тәсілдерді тудырып, іс-әрекеттің кең көлемдік диапазонын сіңірумен қызықты. Сондықтан да, адамның көңіл-қуанышын арттырып, ерлікке, елдікке баулитын қасиеті бар. Мысалы: Қарсыласыңа қарсы тұрарлық күш-қуатың, қауқарың бар ма, онда кілемге білек сыбанып шыға бер. Мұндағы қарсыласына қарсы тұру, кілемге шығу, білек сыбанып шығу, - деген терминологиялық тіркестер де қолданылады. Бұл терминдер мен терминологиялық тіркестер қазіргі таңда кәсіби терминологияның құрамында жүр. Оларды жинақтап бір жүйеге келтіру керек деп ойлаймын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қашқари М. «Диуани лұғат ат-түрік». - Алматы, 1997.
2. Жұмабаев М. Жалпы педагогика. - Алматы, 1997.
3. Қарибаева А.У. Спортивная лексика каракалпакского языка. Нукус: Билим, 1995.
4. Қарибаева А.У. Түркі терминологиясы: дамуы мен қалыптасуы. -Тараз, 2020.
5. Керимов Ф. Спортивная борьба Узбекистана. – Ташкент, 1997.
6. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық спорты. - Алматы, 1998.